

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

6B01301- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау»

**БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫ
Ң МАҚСАТЫ**

Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау.

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ
САЛАСЫ**

«6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 – бастауыш білім берудің метапәндік идеяларына негізделген білімі мен түсініктерін көрсетеді;

ОН2 – бастауыш білім беру мазмұнын құрайтын білім беру салалары бойынша білімін практикада кәсіби деңгейде қолданады;

ОН3 – ортақ тақырыптарды оқытуда бастауыш білім беру мазмұнын құрайтын салаларды интеграциялайды;

ОН4 – білім алушының тұлғалық дамуына қолайлы білім беру контентін жинақтайды;

ОН5 – ғылыми зерттеу әдістерін және академиялық хатты біледі, білімді функционалдықыпен және шығармашылықпен пайдаланады;

ОН6 – білім алушының дара ерекшелігіне сай сын тұрғысынан, позитивті ойлауын дамытуды қамтамасыз ететін әдістерді жаңа контексте пайдаланады;

ОН7 – АКТ-ны білім алушының жас ерекшелігіне сай пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырады;

ОН8 – білім алушылардың әдеби тілін, тілдік дағдыларын деңгейлеп қалыптастыруға қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасайды;

ОН9 - технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру тәжірибесінде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалайды;

ОН10 - білім алушы тұлғасының дамуындағы өзгерістерді педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бағалайды, академиялық адалдық принциптерін ұғынады.